

**100 ЕГДЕН QАЗАҚСТАН**

## Қазақ киносының төрт түйіні

Қазақ киносының пұшпағынан ұстап айырылмай жүргеніме де біраз жыл. Пұшпағынан айырылmasпын-ау, оны енді илеу керек емес пе? Илетпеді гой... С.Параджанов деген қолтаңбасы ерек, тамаша режиссер өткен өмірден. Сол жарықтық өмірінің соңғы сәттерінде көзі жасаурап отырып айтқаны бар еді: «Мениң «байлауда» өткен (ол кісінің фильмдері полкада жатып қала беретін), айдауда өткен (ол кісі түрлі жаламен бес жылға сотталған еді) он бес жылымды енді еш нәрсе толтыра алмайды» деп. Біз енді Параджановқа теңесе алмаспыш. Десе де он жылдай «Қазақфильмнің» есігінен сығалай алмай кеткен жылдар... Шіркін-ай... рахаттана жұмыс істейтін жылдар еді... Енді, сол, қолымыз бос болған соң, ойланамыз... «Қазақфильм» жөнінде. Қазақ киносының қазіргі қалып-сойы турасында. Сөз етпек негізгі дүниелерді “қазақ киносының төрт қасіреті” деп те атауға болар еді, бірақ биік пафос қашан да ұран қүйінде қалады. Сол себепті, жалаулатпай-ақ қоялық. Жайғана түйін болсын.



Бірінші түйін: ұлттық бояудан безіну

Кино әдебиеттен алыстап кетті. Туған әдебиеттен алыстап кеткен соң бойынан нәр, түрінен әр кетті. Досағам Сәбит Құрманбеков айтқан еді: «Сонау тоқсаныншы жылдардың орта шенінде «Абай» фильмі қолға алынды. Мені қоюшы суретші қылыш шақырған еді. Барсам, басталмақ фильм авторларының алдында «Абай жолы» емес, «Путь Абая» жатыр, қатты күйіндім», деп. Сол. Туған әдебиетін оқымайтын, оқыған күнде де орысша нұсқасын парақтайтын адамнан қандай ұлттық дүние күтүге болады? Ол режиссер туған халқының жанына, ішкі дүниесінің қатпарына бойлай ала ма? Бойлай алмайды, әрине. Атқа мінгізіп, қымыз ішкізіп, алқа-қотан кеңес құрғызып, зырғып өте шығады. Оны көрген көрермен байқұс әрі-сәрі болады. Былай қарап тұрса, дұрыс сияқты... атқа мінді... қымыз ішті... сүйек мұжыды... домбыра тартты... Бірақ жүрек түбінде бәрібір бір қынжылыс зіл бол тартып, алаңқөңіл күйге түсер еді. Себебі түсінікті, жандарын байыз таптырмай тұлаған – туған халқының шынайы бейнесін көре алмаған ішкі түйсіктері-тін. Әлдебіреулердің пайымдаудағы таптауырын болған,

жаттанды сұлбасын ғана тамашалаған-тын... Шіркін, сол режиссер Биағаның – Бейімбет Майлиниң «Айт күндерін» оқыса... Әр үйде аштан бұралып жатса да айт мейрамын атағысы келген жалбыр тұмақ, жыртық шекпен қазағымның қасіретін түйсінсе... Шіркін, сол режиссер Биағамның «Шарифат үкімін» оқыса... Жасаған күнөсін адамға тән моральдық тұрғыдан емес, шарифттан ақтау іздеген дүмше молда мен сан түрлі момынның әрекеттеріне қанығып, түрлі ұлттық характерге құрық салса... Шіркін, сол автор Жүсіпбекті оқыса... Сонда мынадай біркелкі, жылтыр, дараланбаған бейне, өз түсінігін түбінде тас болып қатып қалған, штампқа оранған монументальді образдар қаптап кетер ме еді? «Қазақ әдебиеті – ұлт жанының оқулығы» деп қашанғы қайталаймыз?

Кейінгі ауызға ілініп, шетелден қос-қостап жүлде арқалап келіп жатқан кино жасаушы жастарда А. Тарковскийдің, С. Параджановтың фильмдеріне тән визуалдық тіл, Т. Абуладзенің, Аки Каурисмякидің, фильмдеріне тән сатиравы, карикатуралық форма, экзистенциализм, метафизикалық пайым ізденістері едәуір көрініс тапқанымен, ұлттық ракурс жок. Ұлттық ракурс болмаған соң оны қазақ киносы деп сеніммен айта аламыз ба?

### **Екінші түйіні: шетелмен бірлескен жобалар**

Шетелден ортаңқол режиссерді аттай қалап әкеліп, еліміздің баға жет-пес тұлғасының бейнесін жасауды («Өміре» фильмін еске алыңыз) қолымыз қалтырамай тапсыратынымыз қалай? Бұл не, эксперимент пе? Оған ұлт тұлғасын шалғанымыз не? Фильмде қазақтың сипатынан, тұлғаның түрінен, ұлттың таным-түсінігінен нышан да жоқ, бұл да ұлттық фильм бе? Ертеректе парламент қабырғасында қаралып, осы күнге дейін қолданыста болған «Өнер туралы заңының» «Кино туралы» бөлімінде «Ұлттық фильм» деген анықтама мынандай сипатта берілген: егер жасалмақ кино өніміндегі қазақстандық шығармашылық топтың үлес салмағы 70 пайызды көрсетсе, ол ұлттық фильм мәртебесіне ие. Көріп тұрғандарыныздай, мұнда мазмұн мен мәні, менталитет ерекшеліктері туралы жалғыз ауыз сөз жоқ. Мына қырық күн думандатып, сексен күн кернейлетіп дүниеге келген қазіргі «Кино туралы заңдағы» «Ұлттық киноның анықтамасы» да алғашқыдан алыс кетпеген. Буалдыр. Мысалға «Жоғарғы көркемдік дәрежедегі, халықтың рухани қажеттілігін қанағаттандыратын» деп келеді де, «шетел киноөндірушілерімен бірлескен фильм де арнайы келісімдерге байланысты ұлттық деп мойындала алады» деген райда шегенделген. «Жасалмақ киноның продюсері жергілікті болса, осы жердің азаматы болса» болды «ұлттық кино» мәртебесіне ие деген сыңайда байлам жасалған. Бұл мұлдем дұрыс емес. Ұлттық фильмді «жасаушылардың үшеу, төртеуі қазақстандық болғаны», «қайды дүниеге келгені» – ұлттық фильмнің маңызын, бейнесін айқындаамайды. Ұлттық фильм – елдің таным-түсінігі мен ұлттың жаны өрнектелген кезде, ұлттық шынайы кейіпкерлер сомдалғанда, ұлттық көркем көзқарас сүзгісінен өткен кезде ғана – ұлттық фильм деп мойындалуы керек!

Шетелмен бірлескен жобалар «Қазақфильмде» «Әміреге» дейін де талай түсірілді. Сан миллиондаған қаржы желге ұшты. Ал халықтың жүргегіне қонған бірі жоқ.

### **Үшінші түйіні: биографиялық фильмдерге (байопик) ұрынушылық**

Америкада Ч.Чаплиннің данқы жер жарып тұрған кезеңдері оның қимылын салатын өнерден, яғни, «чаплиниада» өнерінен тұрақты түрде жарыс өтіп тұрады екен. Сол сынаққа көп өнерлі жүртпен бірге Чаплин жарықтықтың өзі де қатысыпты. Нәтижесінде үшінші орын алған. Өз бейнесін жасаудан өзі үшінші орын алышты! Яғни, өнерде белгілі бір тұлғаның бейнесін жасасаң, оны оригиналдан асырып түсіру керек! Өйткені тұлғаның жүртқа мәлім бедерін жасарда айқын болуы үшін бояуды қалың жағарың анық! Болмаса, «қолың көтермес шоқпарды беліңе байлама».

Қазақ киносында ұлттық пайым, ұлттық бояу қалыптаспай биографиялық фильмдерден аяқ тарта тұрған дұрыс. Ұлт ардақтыларын экранға көшіргендеге оның ұлттық болмысын, ішкі жан дүние бұлқынысын, қасіретін бере алмағаннан кейін, ардақтыларымызды жүлмалап, қорлаудың қажеті қанша?

Біз тіпті, портреттік ұқсастықтың өзін сырып тастандық. Осы портреттік ұқсастығын жою арқылы ұрпақтың санасынан тұлғаларымыздың шын бейнесін жойып жатырмыз. Тұлғаның ішкі дүниесі мен болмысын көркемдік межесінен талқылауды ысырып қоялық, А.Сокуротовтың көсемдер туралы жасаған үш: «Молох» (Гитлердің өмірі айшықталған), «Солнце» (император Хирохито туралы), «Телец» (Лениннің соңғы күндері) дүниелерінде басты кейіпкерлерінің өзіне түр-келбет жағынан ұқсамағаны бар ма? Ричард Аттен-бороның «Ганди» фильмін алайық, М.Форманның «Амадейін» (Мотцарт) алайық, қайсы тұлғаның бейнесін режиссер портреттік ұқсастықтан ала қашып, өзінше жүлмалады? Егіз тамшыдай ғой бәрі? Бізге бәрібір ме әлде?

Кітап параптамайтын жас ұрпақ ертең Әміре Қашаубаев деп Санжар Мәдиевтің, Бауыржан Момышұлы деп Еркебұлан Дайыровтың бұрынырақтағы суретін, Балуан Шолак деп қазіргі кездегі суретін жалаулатып ұстап жүрмесіне кім кепіл?

Енді «Қазақфильмде» Мұқағали туралы фильм жасалғалы жатыр екен. Бұл енді тіпті қыын. Мұқағали кеше ғана қасымызда болған тұлға. Дәуір ауысқан жоқ. Оның шын бейнесі әр қазақтың жүргегінде шынайы қалпында қалыптасып, қатталып қойған. Әлі көнерген жоқ. Оны қалай жаңғыртпақпыш? Жаңғырту керек пе? Көрермен сене ме? Қабылдамасы анық. Әркімнің жанында жатқан аяулы бейнені үркітпей, әзірге аман сақтағанымыз дұрыс еді әсілі. Тағы қайталауга мәжбүрміз: қазір визуалдық өнер алдыға шыққан заман. Ұрпақ кітапты сирек оқиды. Ұлыларымызды біржақты, шалағай бейнесін жасау арқылы аласартып, жас ұрпақты көкірегінен олардың там-түмдап жеткен шын бейнесін жұлып алышп тастан жатырмыз.

## **Төртінші, негізгі түйіні: басшылық**

Иә, бұл – негізгі мәселе. Мен «Қазақфильмде» біраз жыл сценарлық-редакциялық алқа мүшесі болып жұмыс істедім. Алғаш еңбектенген жылдарым Сергей Әзімовтың басшылығының тұсы еді. Негізі сценарлық алқа мүшелерінен тұратын Көркемдік кеңестегі сценарийлерді талқылау отырысына Әзімовтың өзі төрағалық ететін. Кеңес мүшелерінің оң пікірлері басшының назарына алынып, елеулі қорытынды, болмаса, өзгеріс, шешім жасалатын. Одан кейінгі Анар Қашағановың тұсында да солай болды. Ал аталған кісілердің басшылығынан кейін... бұл иғі дәстүр сетінеп жүре берді.

Қазіргі Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова ханымның парасатына сенім артамыз. Елеулі иғі істер де көріне бастады. «Ұлттық киноны қолдау қоры» арқылы биыл 18 жобаға қаржы бөлініпті. Үлкен жетістік. Енді сол дүниелер ұлттың шын рухани игілігіне қызмет етсін деп, көңілде де, рухани өмірде де шиеленген түйін болмасын деп тілейміз.

**Данияр САЛАМАТ,**  
драматург, кинорежиссер